

## Бір жолғы материалдық көмек көрсету туралы

### *Күшін жойған*

Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2012 жылғы 26 кыркүйектегі N 11-9 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2012 жылы 22 қазанда N 4326 тіркелді. Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2013 жылғы 31 қаңтардағы N 331 хаты)

Ескерту. Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2013.01.31 N 331 хаты).

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңының 6, 7, 20-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 05 сәуірдегі Заңының 4-бабына және "Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтің стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 07 сәуірдегі N 394 Қаулысының 1-тармағының 14) тармақшасына сәйкес Жалағаш аудандық мәслихаты **ШЕШЕМІЗ:**

1. Бұрынғы КСР Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан - Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілеріне, бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдарына (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегенде), жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілерге, ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілеріне, бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшулар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілеріне, Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына

қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған жұмысшылар мен қызметшілерге, Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндетін өтеу кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілерге, 1986-1987 жылдары Чернобыль атом электростанциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқандарға және ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдарға, сондай-ақ ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдарға 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерде бір жолғы материалдық көмек 2012 жылғы 30 қарашаға дейін көрсетілсін.

2. Соғысқа қатысқан Кеңес Одағының Батыры, "Халық қаһарманы", Социалистік Еңбек Ері атағына ие болған, Даңқ орденінің үш бірдей дәрежесімен және "Отан" орденімен наградталған адамдар қайтыс болған жағдайда, оларға әскери сый-сияпат көрсетіп, жерлеу және қабірінің басына құлпытас қоюға 42 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір жолғы материалдық көмек көрсетілсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жалағаш аудандық мәслихатының "Әлеуметтік-мәдени даму, халықты әлеуметтік қорғау мәселелері, заңдылық және азаматтар құқығы" жөніндегі тұрақты комиссиясына (Р.Алиева) жүктелсін.

4. Жалағаш аудандық мәслихат аппаратының бас маманы (Б.Мұқашев) осы шешімнің Әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін және оның бұқаралық ақпарат құралдарында, интернет-ресурстарды қоса алғанда ресми жариялануын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

5. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

	<i>Ж а л а ғ а ш</i>	<i>а у д а н д ы қ</i>
	<i>м ә с л и х а т ы н ы ң</i>	<i>XI-с е с с и я с ы н ы ң</i>
<i>т ө р а ғ а с ы</i>	<i>Д. БАЙМАХАНОВ</i>	
	<i>Ж а л а ғ а ш</i>	<i>а у д а н д ы қ</i>
<i>м ә с л и х а т ы н ы ң х а т ш ы с ы</i>	<i>К. СҮЛЕЙМЕНОВ</i>	